

Бекітілген
«Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Областық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» директорының
06 мамыр 2024 жылғы № 117-Ө
бұйрығымен



«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекеменің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

Мазмұны

Жалпы ережелер 3 бет

Қысқартулар мен белгіленулер 3 бет

Терминдер мен анықтамалар

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына итермелеу жағдайлары туралы жұмыс берушіге хабарлау тәртібі 4 бет

Қызметкерлердің кәсіби қызметтерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау кезіндегі әрекет ету тәртібі 5 бет

Қорытынды ережелер 6 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына итермелеу жағдайлары туралы жұмыс берушіге хабарлау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 2018 жылғы 31 мамырдағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» атты Қазақстан Республикасының Қаулысына, сондай-ақ «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2024 жылғы 6 мамырдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандартына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы тәртіп Кәсіпорында қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына итермелеу жағдайлары туралы жұмыс берушіге хабарлау тәсілін айқындайды.

1.3. Осы Тәртіп қызметкерлердің кәсіби қызметтерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау жағдайларындағы әрекет ету тәртібін белгілейді.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өз қызметтік (лауазымдық) өкілеттіктері мен соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе өзге адамдар үшін заңсыз пайдалануы, сондай-ақ аталған адамдарды сатып алу (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабы, 6-тармағы);

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі субъектілердің өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі (Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабы, 9-тармағы);

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген заңсыз кінәлі әрекет (әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі субъектілердің превентивтік шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы жүзеге асыратын қызметі (Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабы, 13-тармағы);

Пара – лауазымды адамның өз қызметтік өкілеттіктеріне кіретін іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасауына, не жалпы қамқорлығы немесе қызмет бойынша жол беруі үшін заңсыз ақша, құнды қағаздар, өзге де мүлік түрінде немесе оған көрсетілетін мүліктік сипаттағы қызметтер түрінде немесе өзге де мүліктік құқықтар беру түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы алуы.

2. ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ОЛАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ИТЕРМЕЛЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

2.1. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір тұлғалардың жүгіну фактілері туралы жұмыс берушіге дереу хабарлауға міндетті.

2.2. Қызметкер іссапарда, демалыста немесе жұмыс орнынан тыс жерде болған жағдайда, ол жұмыс орнына келген сәттен бастап жұмыс берушіге дереу хабарлауы тиіс.

2.3. Кәсіпорын қызметкеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелеу мақсатында жүгіну фактілері туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) жазбаша түрде жүзеге асырылады, ол үшін жауапты адамға немесе пошта арқылы жіберіледі.

2.4. Хабарламада көрсетілуі тиіс мәліметтер тізімі (№1 қосымша) мыналарды қамтуы тиіс:

- Хабарламаны жіберген адамның аты-жөні, тегі, лауазымы, тұрғылықты мекенжайы және телефоны;
- Кәсіпорын қызметкеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға байланысты жүгіну жағдайларының сипаттамасы (күні, орны, уақыты, басқа шарттар);
- Кәсіпорын қызметкері сұрау салған адамдардың өтініші бойынша жасайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы толық мәліметтер;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеген жеке (заңды) тұлға туралы барлық белгілі мәліметтер;

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеу тәсілі мен жағдайлары, сондай-ақ құқық бұзушылықты жасау туралы ұсынысты қабылдаудан (келіспеуден) бас тарту туралы ақпарат.

2.5. Барлық хабарламалар арнайы журналда міндетті түрде тіркелуге жатады. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруға жауапты адам журналды жүргізуге жауапты.

2.6. Алынған мәліметтердің құпиялылығы жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты адам тарапынан қамтамасыз етіледі.

2.7. Анонимді (иесіз, белгісіз) Хабарламалар қарауға қабылданбайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАҒАН КЕЗДЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ ТӘРТІБІ

3.1. Қызметкердің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде материалдық пайда талап ететін жағдай анықталған кезде (пациенттерден, ақылы қызметтерді алушылардан, тағылымдамадан өтушілерден, әріптестерден және басқа Кәсіпорын қызметкерлерінен) жұмыс берушінің актісімен жұмыс комиссиясы құрылады.

3.2. Тиісті өтініш комиссия отырысында қаралады.

3.3. Анықталған жағдай бойынша комиссия отырысы фактіні анықтаған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей тағайындалады.

3.4. Кәсіпорын қызметкерінің материалдық пайда талап ету және/немесе алу фактілері туралы қызметкерлердің, басқа жеке тұлғалардың (пациенттердің) немесе заңды тұлғалардың өтініштері арнайы журналда тіркеледі (№3 қосымша).

3.5. Комиссияның өтінішті қарау нәтижелері бойынша ішкі (қызметтік) тергеу жүргізу туралы шешім қабылданып, тиісті акт жасалады.

3.6. Өтініште көрсетілуі тиіс мәліметтер тізімі:

- Өтініш берушінің аты-жөні, тұрғылықты мекенжайы және телефоны;
- Кәсіпорын қызметкерінің материалдық пайда талап ету немесе алу фактілері туралы белгілі болған жағдайлар сипаттамасы;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәсілі мен жағдайлары.

3.7. Алынған мәліметтердің құпиялылығы жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты адам тарапынан қамтамасыз етіледі.

3.8. Анонимді хабарламалар қарауға қабылданбайды.

3.9. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес хабарлау туралы жария міндеттемені өзіне алады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1. Осы Тәртіпті Кәсіпорын қызметкерлерінің немесе басшылығының бастамасы бойынша қайта қарауға болады.
- 4.2. Осы Тәртіпке жергілікті актілерді қабылдау тәртібін сақтай отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 4.3. Осы Тәртіп 2024 жылдың «06» мамыр айынан бастап күшіне енеді.